

2010 жылы Егіндікөл ауданының аумағында тұратын, нысаналы топқа жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 16 маусымдағы № А-6/124 қаулысы. Ақмола облысы Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 22 маусымда 1-8-96 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № А-12/274 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімінің 2010.12.31 № А-12/274 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 және 7 баптарына сәйкес Егіндікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылы Егіндікөл ауданының аумағында тұратын, нысаналы топқа жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін: ұзақ уақыт бойы (жылдан артық) жұмыс істемейтіндер; 24 жасқа дейінгі жастар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ж.С.Ысқақоваға** жүктелсін.

3. Аудан әкімдігінің осы қаулысы Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Сұлтанов